



Сисенбаева Даража Мергенбайқызы

**«Кіші мектеп жасындағы
үлгермейтін балалардың ойлау
ерекшеліктері»**

Әдістемелік құрал

**Ақтөбе қаласы
2025 жыл**

Кіріспе

Қазіргі таңдағы өркениетті ел және демографиялық қоғамды қалыптастыру-ға бағытталған құрылымдар жоғары эрудиялы, адамгершілікті, шығармашылықты жұмыс істейтін мамандарды қажет етеді. Олардың іс-әрекеттерінің кез-келген аймағында қазіргі заман талабына сай шешімдер қабылдай алады.

Гуманисттік психология өз зерттеу нысаны етіп жеке тұлғаны қояды, оның шығармашылықты күші адамдардың шындықты көре білу қабілетін, қоршаған орта әлеміндегі құрылымдардағы белсенділікті дамытуға бағытталған.

Сондықтан да мектептегі үлгермеушілік қазіргі кездегі білім беру жүйесінде зор маңызға ие.

Мектептік тәжірибелер бойынша, қандай да бір органикалық кемшілігі жоқ әрбір оқушы, мектеп бағдарламасы көлеміндегі білімді меңгеруге құлықты, алайда барлық жағдайда қажетті деңгейге қол жеткізе бермейді немесе кейбір оқушылар оқу материалын қиын меңгереді.

Мектептегі үлгермеушілік өте күрделі, оны зерттеу көптеген тәсілдер қажет етеді, бірақ олар мәселені қарастырудағы 2 негізгі аспектілердің төңірегінде қарастырылады:

1. мұғалім қалай оқытады.
2. оқушы қалай оқиды және оның дамуы қалай жүзеге асады.

Психология ғылымының түрлі бағытындағы мамандар осы мәселені жан-жақты қарастырған. Дидактикалы жақтаушылар зерттеу объекті ретінде педагогикалық шарттарды, үлгермеушілікті жеңуге көмектесетін оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктерін ашып қарастырды. Психологтар үлгермеуші оқушылардың оқу процесі барысында көрінетін тұлғалық ерекшеліктеріне баса назар аударды.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық мазмұнын анықтап, олардың пайда болу кезеңі мен себептерін айқындау жұмыстарымен ертеректе ғалымдар да айналысқан. П.П.Блонский, С.Л.Рубинштейн, Л.С.Славина, Н.А.Менчинская, мектептегі оқуға психологиялық даярлық мәселесіндегі негізгі ролі – Л.И.Божович, М.В.Матюхина, Е.С.Слепович, Н.А.Жулидова еңбектерінде қарастырылған. Осы тақырыптағы дерлік барлық зерттеулерде танымдық процес дамуындағы бұзылыстардың өзара тығыз қарым-қатынасы байқалады: Н.И.Мухарачковский, Т.В.Егорова.

П.П.Блонский үлгермеушілі оқушылар туралы айтқанда, мектепке дейінгі кезеңге үлкен мән береді, яғни үлгермеушіліктің шығу себебін оқу процесінен

Кіші мектеп жасындағы үлгермейтін балалардың ойлау ерекшеліктері/ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

емес, оған даяр еместікте деп қарастырады. Н.А.Менчинская және Г.Г.Сабурова мектепке келген кездегі балалардың құбылыстары мен салыстырмалы интеллектуалды және тұлғалық дамуын төмен деңгейде болатынын атап көрсетеді. Осыған орай, оқу барысында қиындықтарға ұшырайтын балалар қандай да бір себептерге байланысты мектептегі оқу процесіне дайын болмаған деп айта аламыз.

Тереңдетілген бірінғай зерттеулердің (клиникалық, нейрофизиологиялық, психологиялық-педагогикалық) көрсеткендей, үлгермеушілік мектептегі оқу процесіне дайынсыздық көптеген себептерге байланысты: астеникалық жағдаймен, педагогикалық төмендеушілікке, психологиялық дамудың кешеуілдеуіне т.с.с.

Педагогикалық төмендеушілік - отбасындағы, мектептегі балалармен жүргізілетін оқу-тәрбиелік жұмыстардың жетіспеушілігімен шартталатын жағдай. Оның басты элементтері:

- а) мінез-құлықтық, әлеуметтік-этникалық, жалпы білім беруде оларды қолдануда- ғы білімнің, тәсілдері мен құралдарының жетіспеушілігін
- б) жалпы дамудағы кешеуілдеулер-физикалық, психикалық, тұлғалық.
- в) әртүрлі іс-әрекетке, өзіне, қоршаған ортаға деген қарым-қатынастан жалығу.

Бағдарламаны материалды меңгеруде айтарлықтай қиындықтарға ұшырайтын балалар, өз жұмыстары үшін көбнесе мұғалім тарапынан нашар баға алады. Бағалау әрекетінің әсерінен балада аса бір маңызды әрі күрделі қасиет өзін-өзі бағалау қалыптасады. Б.Г.Ананьев оған - «Белгілі бір жақсы бағаға деген тұрақты қажеттілік», - деп анықтама берген.

Кіші мектеп жасында өзін-өзі бағалауды психологияда зерттеуге көптеген ғалымдар үлес қосқан Л.И.Божович, П.Р.Чамат. Бұл жұмыстарында кіші мектеп оқушыларында оқу әрекетінің нәтижелерін бағалау қабілеті, мұғалімнің басшылығымен қалыптасатыны көрсетілген. Оқу іс-әрекетінің түрткісі ретінде бағалаудың маңыздылығы Л.И.Божович, Л.С.Славина еңбектерінде қарастырыған. Оқу іс-әрекетіне ынталандыратын көптеген түрткілердің ішіндегі ең маңыздысы мұғалімнің бағалауы болып табылады. Осыған байланысты түрлі оқушыларды бағалаудың психологиялық ерекшеліктерін білген жөн.

1 ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҮЛГЕРМЕУШІЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

СИСЕНБАЕВА Д.М., АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ, ЖШС ЕСКАМ «ӨРКЕН» БАЛАБАҚШАСЫ, ТӘРБИЕШІСІ

Страница 4

Кіші мектеп жасындағы үлгермейтін балалардың ойлау ерекшеліктері/ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

Қазіргі зерттеу мәселелеріндегі психологиялық-педагогикалық аспектілер

Баланың ақыл-ой әрекетінің ерекшеліктері, оның оқуы, тұлғалық қасиеттерімен тығыз байланысты және ең басты оның оқуға деген қатынасына, баланың өзіндік жетістіктерімен, сәтсіздіктерін қалай бағалай алады және өзгелердің берген бағасын қалай қабылдайды (мұғалімдердің және сыныптағы жолдастарының).

Бұл жердегі басты мазмұн – сабақтағы оқу жұмысының сапасын жоғарлату, маңызды дидактикалық принциптерді қолдану. Жалпы дидактикалық талаптардан басқа, сабақтың әдістемелік ұйымдастырылуы, әр оқушыға жеке – жеке жол таба білу мәселелері қарастырылады. Дәл осы мәселені қарастыруда дидактика психологиямен тығыз байланыста болады. Оқудағы тежелудің себебін анықтауда оқушының жекелік психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Психологиялық ерекшеліктер жүйесін қарастырған кезде «ұялшақ балалар кездеседі», «зейіннің жеткілікті дамымауы», «қабылдау үрдісі баяу жүретін балалар кездеседі».

Мектеп жасындағы негізгі іс-әрекет бұл оқу іс-әрекеті болып табылады, ол оқушының тұлғалық қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар маңызды болып саналатын жайт оқушының «оқу биографиясы», ол мұғалімдер тарапынан мадақтау мен жақсы бағалар ала ма, әлде жаман бағалар алып, мұғалімдермен сынып жолдастары тарапынан төмен бағалауларын жағымсыз қараым-қатынасқа ие болады ма.

Балалардың оқу әрекетіндегі ерекшеліктері баланың оқуға деген қабілет деңгейімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, оқыту деңгейлерінің сатылары бір-бірімен тығыз байланысты, ол оқушының жағымды, жағымсыз қасиеттерінің және тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Егерде оқыту шарттары өзгерілсе, онда ол оқушыда жағымсыз қасиеттердің пайда болуына әсер етеді. Ол мұғалімнің уақытылы анықталуына байланысты оқушыға кері әсер ете алмайды.

Оқушының оқу қабілетін арттыру үшін оның оқу деңгейін анықтау керек. Баладағы төмен үлгерімді анықтаған жөн, өйткені үлгерімі нашар немесе ақыл-есі кем болатын болса, оны арнайы мектепке жібереді. Баланың үлгерімінің нашар болуын анықтау үшін оның қай кешенен әсер ететін анықтаған жөн.

Психология ғылымының түрлі салаларының мамандары мәселенің жан-жақтылығына мән берген. Дидактика негізгі зерттеу нысаны ретінде - педагогикалық шартты есептеген, оқыту-тәрбиелеу процесінің ерекшеліктері

**СИСЕНБАЕВА Д.М., АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ, ЖШС ЕСКАМ «ӨРКЕН» БАЛАБАҚШАСЫ,
ТӨРБИЕШІСІ**

Страница 5